

REFERENCES

1. Altynsarin Y., *Taza bulak. Almaty. Zhazushy, 1988, 320 (in Kaz).*
2. Bajtursynov A., *Til taqylymy. Almaty. Ana tili, 1992, 448 (in Kaz).*
3. Zhumabaeva A.E., *Bastauysh mekteptegi sauat ashu kezeninde Zhrgiziletin til damy-tu zhumystarynyn adistemesi (in Kaz).*
4. Rahmetova S., *Bastauysh klasta oqushylardyn tilin damytudyn Qylymi adistemelik negizderi ped. qyl. dok. diss. Almaty. 1994, 434 (in Kaz).*
5. *Zhalpy bilim beretin mekteptin 2, 4 synyptaryna arnalqan Adebiettik oqu bazdarlamasy. Astana, 2010 (in Kaz).*

ӘОЖ 378.4.(574)

А.Т. ДЮСЕНБАЕВА, А.Ж. ОРАМАЛОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ
АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ДАМУ ТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада мектеп оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін дамыту жолдары мен ерешеліктері туралы баяндалған. Яғни оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыни тұрғыдан ойлау стратегияларының тиімділігі көрсетілген. Қазақстан тарих пәнін оқытуда оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды қолданудың тиімді тұстары қаралған.

Түйін сөздер: коммуникативтік құзыреттілік, стратегия, сыни тұрғыдан ойлау.

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ
ДЛЯ РАЗВИТИЯ У УЧАЩИХСЯ ОСОБЕННОСТИ
КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

В докладе рассматриваются пути развития и особенности коммуникативной компетентности у учащихся. На основе технологии критического мышления прослеживается эффективность развития коммуникативной компетентности у учащихся. Используются эффективные приемы применения заданий для учащихся на уроках Истории Казахстана.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, компетентность, критическое мышление.

THE FEATURES OF DEVELOPMENT COMMUNICATIVE
COMPETENCE OF STUDENTS THROUGH RWCT TECHNOLOGY

The article is described features and ways of development communicative competence of the students. So to develop communicative competence it is important to use strategies of RWCT. On the history lesson are used effective methods for developing of pupils' critical

thinking.

Keywords: communicative competence, competence, strategy, critical thinking.

Қазақстан Республикасы әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қатарына кіруі туралы мемлекетіміздің ұлы идеясына айналған стратегиялық мақсаттарды іске асыру – мектеп мұғалімдерінің басты міндеттерінің бірі. Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалатыны белгілі. Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім сапасын, қабілеттілік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурсын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып отырғанын білеміз.

Елбасы Н. Назарбаев Жолдауында: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында оқу үдерісіне қазіргі заманға әдістер мен технологияларды енгізу қажет» деп атап көрсетті [1]. Осы орайда өскелең ұрпаққа жоғары сапалы білім беруді жүзеге асыру мақсатында еліміз нәтижеге бағытталған білім беру моделіне көшті. Нәтиже дегеніміз – жеке тұлғаның құзыреттілігі. Ал нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру. Құзыреттілік – ол терең білім. Оқушының құзыреттілігін қалыптастыру үшін мұғалімнің өзі құзыреттілікке жету керек. 12 жылдық оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті жалпы орта білім беру стандартының мазмұны әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай білім нәтижесі түріндегі құзыреттер жиынтығын игертуге бағдарланып жасалуы – бүгінгі қоғам талабы.

Құзыреттілікке бағытталған білім беру оны тиімді ұйымдастырудың мән-мазмұнын, әдіс-тәсілдерін зерделеу және оны меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды [6]. Бірақ бұл білім білік дағдысының жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол оқушылардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі, мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді.

Сабақ беру, оқыту тәжірибесін жетілдіру бағытында енгізіліп жатқан өзгерістерге байланысты құзыреттілік негізде оқыту – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. 2012 жылдан бастап 3 айлық деңгейлік курс бағдарламасы аясында мектептегі білім беру жүйесін жетілдіру бағытында оқыту үрдісіне жеті модуль енгізілуде. Солардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен

жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Тәжірибені жүйеге келтірген: Джинни Л. Стил, Куртис С. Мередит, Чарльз Тэмпл. Жобаның негізі Ж. Пиаже, Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады [2]. Бұл бағдарлама сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

XX ғасырдың 60 жылдарында Д. Хаймс «коммуникативтік құзыреттілік» деген ұғымды енгізген, «коммуникативтік құзыреттілік» термині америкалық ғалымы Д. Хомский идеясының негізінде пайда болды. Ол: «Тілдік құзыреттілік – балалық шақтан бастап қалыптасқан көзқарас, білік, білім, интеллектуалды қабілеттіліктердің жүйесі», – деді [6]. Коммуникативтік құзыреттілік мәселесімен қазіргі кезеңде шетел ғалымдары А. Хардинг, П. Хартман, Д. Джонсон және тағы басқалары айналысуда. Коммуникативтік құзыреттілік Е.И. Пассов, А.К. Маркова, А.А. Леонтьев, Е.С. Полат, В.Л. Скалкиннің және тағы басқалардың еңбектерінде қарастырылған.

Коммуникативтік құзыреттілік оқушылардың қарым-қатынасы мен іс-әрекеттерінің сөйлеуін дамыту ерекшеліктері Л.И. Божович, А.В. Запорожец, М.И. Лисина еңбектерінде зерттелсе, коммуникативтік құзыреттіліктің мәні мен мазмұны Т.Н. Лобанова, Ю.А. Тихомировтің еңбектерінде, қарым-қатынасқа қатысты коммуникативтік құзыреттілік туралы Г.М. Андреева, Н.В. Бордовская зерттеулерін атауға болады.

«Қазақстанда сыни тұрғыдан ойлауды оқу және жазу арқылы дамыту» жобасының директоры С. Мирсейтова, А. Рысбаева, Б. Турганбаева, А. Әлімов еңбектері оқушылардың ойлау қабілетін белсенділендіруге арналған.

Сыни ойлау деген не? Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды. Сыни ойлау – әлеуметтік ойлау, бірлесе оқыту идеясы. Педагогтің басты міндеті оқушылардың өзіндік іс-әрекетін белсенді ұйымдастыру болып табылады.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді. Барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің бірін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйретуеді. Жоба әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды. Баланың терең де еркін ойлауына, үздіксіз еңбектене білуіне жол ашады. Оқушының ізденісі жеміссіз болмақ емес.

Мектептегі сын тұрғысынан ойлау технологиясы пайдалану негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың құрылымдық моделін ғылыми негіздеу және тиімділігін тексеру мақсатында тәжірибелік-

эксперименталдық жұмыс ұйымдастырылды.

Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Өскемен қаласы әкімдігінің «Қ. Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткізілді. Бұл жұмысқа барлығы 42 оқушы қатысты, 20 оқушы эксперименталдық, 22 оқушысы бақылау тобына кірді.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы өзіне 3 кезеңді қамтыды:

- 1 Анықтаушы эксперимент.
- 2 Қалыптастырушы эксперимент.
- 3 Қорытынды эксперименті.

Қолданылған зерттеу әдістері: сауалнама, сұхбаттасу, бақылау, әңгімелесу, оқушылар іс-әрекетінің нәтижелерін зерттеу, статистикалық өңдеу әдістері.

Оқушылардың «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымының мәні мен оның қалыптасу деңгейлерінің сипаттамаларының негізінде оқушылардың бойында коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың бастапқы деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыс жүргізілді. Коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың деңгейін анықтауда Г.А. Ратанова мен Н.Ф. Шляхтаның «Коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерді бағалау», В.Ф. Ряховскийдің «Қарым-қатынас деңгейін анықтау тесті» (сауалнама, сұхбат, бақылау, тестілеу) алынды.

Анықтаушы эксперименттің негізгі міндеттері ретінде төмендегі міндеттер айқындалды:

- оқушыларда коммуникативтік құзыреттіліктің дамыған бастапқы деңгейін анықтау;
- сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігін анықтау, мектептегі оқу үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану негізінде әдістемелік кешенін сынақтан өткізіп, тиімділігін тексеру;
- оқушылардың коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға қаншалықты деңгейде қамтамасыз етілгендігін анықтау.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау үшін сауалнама, бақылау, сұхбаттасу әдісі қолданылды.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдануымен жүргізілген сабақтың жоғары деңгейде өтуінің алғышарты оның қағидаларында, яғни стратегияларында. Стратегия дегеніміз – философия, әдістемелік ұстаным. Мұғалім мен оқушы кез келген стратегияның әдіс-тәсілін, қыр-сырын жетік түсіне білуі қажет. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Стратегиялар оқушыларды шығармашылықпен әрекет етуге, ізденімпаздыққа баулиды, еркін, терең, жан-жақты ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады, стратегияның 100-ден аса түрі бар. Жұмыстың ыңғайына қарай стратегияларды өзгертіп те жіберуге болады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жазу мен оқу арқылы

сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында қолданып жүрген стратегиялардың мүмкіншіліктері төмендегідей:

Аралас/Қатып қозғалма/Жұптас стратегиясында тапсырманы орындау барысында оқушылар бір-бірімен араласып, өзіне ақпаратпен бөлісіп, ойын толықтыратын жаңа серіктестіктер табуына мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады.

1-қадам. Сұрақтарды алдын ала ойластыру.

2-қадам. Жұмыс ұйымдасқан түрде өту үшін алдын ала тәртіпті түсіндіру керек. Қозғалыс және жұмыс жасау жолдары тек мұғалімнің белгісі арқылы жүзеге асырылатыны туралы біледі

3-қадам. Белгі беріңіздер. Қозғалыста болуға 1 минут уақыт жеткілікті. Сонан соң «қатып қозғалмаңдар» командасын беріп, тапсырмамен жұмыс жасауларын өтіну.

4-қадам. Тапсырманы орындау үшін оқушыларға уақыт жеткілікті берілу керек. Сонан соң орындарына оралуларын сұрау.

Сыни тұрғысынан ойлау әдісінде мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім – осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Қасым хан тақырыбын сабақта сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында төмендегідей тапсырма берілді, себебі тапсырмаларды орындау барысында өзара қарым-қатынасқа түседі, пікір алысады, талдайды, танымдық іс-әрекеттер жасайды.

Қасым хан жайлы оқушыларға тірек сөздер беру.

| Жылдар | Тұлғалар | Деректер | Қалалар |
|----------------|----------|---------------|-----------|
| 1511-1518 | Бұрындық | М.Х. Дулати | Сығанақ |
| 1473/1474-1511 | Жәнібек | Бабыр | Түркістан |
| 1511 | Мұхаммед | Ә.Х. Марғұлан | Сарайшық |
| 1514 | Шайбани | | Сайрам |
| 1518 | Саид хан | | |
| 1521 | | | |
| XVI ғ. | | | |

Жоғарыдағы тапсырмаларды орындауда оқушылардың міндеті:

- сөздерді пайдалана отырып, мәтін құрастырады;
- оқушылар құрастырған мәтінді талқылайды;
- қалыптастырушы бағалау алады.

Қ. Бітібаева ұсынған «баланың білім алу, даму т.б. іс-әрекеттерін

мақсатты түрде ұйымдастыра білу, дайын білімді қайталап айтып беру емес, оны өз белсенділіктерімен алуға түрткі жасау» қағидалары көмекке келеді [3]. Коммуникативтік дағдылардың дамуы мен қарым-қатынас жасауы, өз іс-әрекетін жоспарлау және орындау білігі күтілетін нәтижеге жету, топта ынтымақтастықта жұмыс жасау бейімділігін, сыни және талдау тұрғысынан ойлау сұхбаттық дағдыларды қалыптастырады, өзін-өзі тануға, өз білімін жетілдіруге, өзін-өзі бағалау қабілетінің дамуына ықпал етендігін байқалады.

Жуан-жінішке сұрақтар стратегиясында оқушылар мәтінмен жұмыс істей отырып, мәтін мазмұны бойынша өздері тың сұрақтарды топ ішінде құрастырады. Бұл оқудың барлық әдістерін меңгеру болып табылады. Өйткені оқушы алдымен қатесіз, түсініп оқуға тырысады, қойған сұрағына өзі жауап беруге дайын тұрады, басқа балалардың сұрақтарын мұқият тыңдап, сұрақ құрастырудың қиын жұмыс екенін біліп, ең үздік сұрақтарға ілтипат білдіреді.

Бұл стратегияда ынтымақтастық оқыту жағдайында білім алушылар түрлі көзқарастағы пікірлерді естіп, өздерінің идеяларын дұрыс қалыптастыруды және оны қорғай білуді үйренетіндіктен, олардың алдына әлеуметтік, сондай-ақ эмоционалдық тапсырмалар қойылады. Сол арқылы білім алушылар өздерінің ұғым-түсініктерін қалыптастырып, және де оқулықта ұсынылған түсініктерге немесе сарапшылардың пікірлеріне ғана сенуден бас тартуды үйрене бастайды. Яғни ынтымақтастық оқыту барысында білім алушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсуге, өз пікірлерін айтуға және оны қорғауға мүмкіндік алады.

Мұғалім оқушыларды сырттай бақылау, бағыт-бағдар беру арқылы алған білімдерін тексереді. «Мені түсін» стратегиясы арқылы оқушылар өздері тақырыпқа байланысты әңгіме құрастырады. Әр топқа әртүрлі тапсырма беріледі. Бір топ келесі топқа тапсырмаларын оқиды. Шарт бойынша тақырыпқа қатысы жоқ мәліметтерді табу арқылы топ оқушылары фишкалар арқылы ұпай алады. Оқушының ізденімпаздық, зерттеушілік, дәлелдеушілік, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру үшін «Отанды қорғаудың өнегесі Қайырхан ба, жоқ әлде Шыңғысхан ба?» тақырыпта ой толғау жазуға және М. Шахановтың «Отырар дастаны» шығармасын оқуға үйге қосымша тапсырма беріледі.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда топтық жұмыстың орны ерекше екендігін тәжірибе барысында байқадық.

Сырттай бақылау нәтижесінде сыныптағы оқушылардан төмендегідей іс-әрекеттер байқалды.

- әркім өз ойларын ұсынады;
- топтағы оқушылар бір-біріне сұрақтар қояды;
- топтағы оқушылар болжамдар ұсынып және айтқандарын дәлелдейді;

Оқушылардың бойына коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда, яғни оларды өз өмірі мен іс-әрекетінің субъектілеріне, өз өмірі мен іс-әрекетінің басқарушысына айналдыруда үлесі зор болды.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіктерін дамыту деңгейлерінің эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер төменде көрсетілген.

Кешенді жүргізілген эксперимент жұмыстары нәтижесінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктің даму деңгейінде өскендігі байқалып, ұсынылған әдістемелік кешен өз дәйектілігін көрсетті.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы пайдалану негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша коммуникацияның күрделі түрлерін игеруіне, жеке және топтағы, жұптағы танымдық қарым-қатынастары мен бірлескен іскерлік-коммуникативтік әрекеттерін дамытуға мүмкіндік туғызылды. Мектептегі білім беру үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын жалпылай қолданса, онда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту тиімді жүреді, оқушылардың жеке дамуына, білім мазмұнын сапалы меңгеруге ықпал етеді деген тұжырым жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007. – 28 ақпан.
2. Клустер Д. Сыни ойлау деген не? // Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері / С. Мирсеитовамен Ә. Іргебаеваның редакциялаған / Д. Клустер. – Алматы: Қазақстан Оқу Ассоциациясы. Верена, 2006. – 260 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. – Б. 23.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары / Қ. Бітібаева. – Алматы: Рауан, 1991.
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты: Білім беру нәтижелері ретіндегі құзыреттіліктер // Білім әлемінде. – 2007, №3.
6. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. – СПб: Альянс-Дельта, 2003.
7. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар / Қ. Сарбасова. – Алматы, 2009.

REFERENCES

1. *Zhama alemdegi zhana Qazaqstan Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Zholdauy, Astana. 28 aqpan 2007 (in Kaz).*
2. *Kluster D., Syni oylau degen ne 106 bet. Arekettegi RWCT filosofijasy men adisteri. S. Mirseitovamen A. Irgebaevanyn redakcijalaqan. Almaty. Qazaqstan Oqu Assosacijasy. Verena, 2006, 260 (in Kaz).*
3. *Muqalimge arnalqan nusqaulyq Ushinshi. Negizgi. Dengej (in Kaz).*
4. *Bitibaeva Q., Adebietti oqytudyn tiimdi zholdary. Almaty. Rauan, 1991 (in Kaz).*